

Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТИ  
КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТИ  
ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТИ КАФЕДРАСЫ

Факультет кеңесінде бекітілді  
Көптілді білім беру факультеті

Факультет деканы  Амангазіева М.К.  
хаттама № 4 « 04 » 2025 ж.



ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОҒЫ

7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті (2жыл)  
(білім бағдарламасының атауы)

2025-2026 оқу жылы

Атырау, 2025

№	Пән коды мен атауы	Курс мақсаты Негізгі бөлімдердің қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Қалыптасатын құзыреттіліктер	Пәндер циклы		академ. - кредитте р көлемі	семестрі
					(ЖБП,БП ,КП)	ЖОК,ТК		
<b>I курс</b>								
1	GTF5201Ғылымның тарихы мен философиясы	Пәннің мақсаты – тарихи динамикасында қабылданатын және тарихи өзгермелі әлеуметтік-мәдени контексте қарастырылатын заманауи ғылыми жаңалықтарды салыстыру және жалпылау қабілетін қалыптастыру. Оқыту курсы ғылымның дамуы мен ғылыми білімнің құрылымы, қоғам дамуындағы ғылымның ролі туралы түсінік қалыптастырады. Пән мыналарды зерттеуге бағытталған: ғылым тарихы мен философиясы, жаратылыстану әдіснамасы, социологиялық, гуманитарлық және техникалық білім. Курсты оқу кезінде магистранттар білімдерін пайдалана отырып, біртұтас жүйелі ғылыми дүниетанымға негізделген кешенді зерттеулерді жобалап, жүзеге асыруы керек.	Философия	Білуі: ғылымның тарихы мен теориясын, даму заңдылықтарын; Түсінуі; ғалымды жан жақты игеру; ғылыми ізденіс жүргізу әдістерін игеру., Қолданылуы: ғылыми мақала, тезистер жазу, конференция, дөңгелек үстел, сөйлей білу машықтарын меңгеру	БП	ЖК	5	1
2	ShT5202Шетел тілі	Пәннің мақсаты: шет тілі курсы магистранттардың мәдениетаралық, коммуникативтік және функционалдық құзыреттілігін қалыптастыруды, ағылшын тілінде лексикалық және тілдік ерекшеліктерді дамытуды, шет тілін меңгеруді және ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің мәдени ерекшеліктерін түсінуді көздейді. Мыналарды: грамматиканы шолуды, оқу әдістемесін және жазбаша жұмысқа дайындықты, эссе жазуды, тыңдалым мен айтылым әдістемесін пайдалану көзделеді. Мазмұнға ағылшын тілінің фонологиялық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарын белгілі бір бағдарламада коммуникативті және кәсіби іс-әрекетте қолдана білу және қолдану мүмкіндігі кіреді.	Шетел тілі, Кәсіби бағытталған шетел тілі	Білуі: лексиканы, білімнің грамматикалық жүйесін және ниеттің прагматикалық мазмұнын толық түсінуге негізделген тіл мен сөйлеу құралдарын дұрыс таңдап, қолдана білу; Түсінуі: мәтін мазмұнын жеткізу, қорытынды жасай алу, мәтіннің соңғы бөлігін және оның жеке құрылымдық бөліктерін сипаттай білу, мәтіндік ақпаратты түсіндіру, әлеуметтік, әлеуметтік, мәдени, қоғамдық-саяси, ағартушылық және кәсіби мәтіндердің стилі мен жанрлық ерекшеліктерін ашу.	БП	ЖК	4	1

				Қолданылуы: теориялық білімді практикада жүзеге асыру				
3	НМР5203 Жоғары мектеп педагогикасы	ЖОО-дағы педагогикалық идеялардың, педагогикалық үдерістің дәстүрлі және инновациялық технологияларының талдауын жүргізеді; жоғары білімнің дамуын болжайды, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың түрлі нысандарын қолданады. Пәннің мазмұны: жоғары білім берудің заманауи парадигмасы, Қазақстандағы жоғары кәсіптік білім беру жүйесі, педагогикалық ғылымның әдіснамасы, Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық аппараты, Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі, жоғары білімнің мазмұны, жоғары мектептегі жаңа білім беру технологиялары.	Педагогика	Білуі: педагогикалық жеке құбылыстардың мәнін ашып, ең бастысы, олардың өзара байланысын, бірі-біріне ықпалының қандай деңгейде екендігін көрсетеді. Түсінуі: Жоғары мектеп педагогикасының негізгі категориялары: тәрбие, білім беру, оқыту, педагогикалық процесс, тұлға, іс-әрекет, қарым-қатынас, дамыту, қалыптастыру, заңдылықтар, әдіснамаларын игереді Қолдануы: Теориялық білімді мектепте қолданады	БП	ЖК	4	1
4	ВР5204Басқару психологиясы	Курстың мақсаты: магистранттарды жоғары мектеп психологиясының негіздеріне оқыту, педагогикалық қызмет саласында психологиялық білімді қолдану тұрғысынан олардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту. Пәнді оқу кезінде магистранттар келесі аспектілерді зерттейді: жеке тұлға және оның басқару жүйесіндегі әлеуеті, ұйымдастыру және әлеуметтік топ басқару объектілері ретінде, ұйымның мотивациясы мен тиімділігі, жанжал психологиясы және оны шешу әдістері, тиімді қарым-қатынас әдістері мен әдістері, ұйымдағы Қошбасшылық,  психологиялық тұрғыдан басқару шешімдерін қабылдау негіздері.	Экономика және құқық негіздері	Білуі: басқару психологиясының объектісін, заңдылықтарын, әкімшілік мектеп; Түсінуі: Психологиялық заңдар мен басқарудың негізгі концепцияларын Қолдануы: Теориялық білімді практикада жүзеге асыру	БП	ЖК	4	1

5	АТДТН 5205 Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	Пәнінің мақсаты қазақ әдебиетін дәуір бойынша оқытуда айқындалатын көркемдік ерекшеліктерді негізге ала отырып меңгерту. Жекелеген көркем шығармалардағы стильдік, поэтикалық ерекшеліктерді халықтық философиямен байланыста қарастыра отырып, тұжырымдау дағдысын қалыптастырады.	Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті, ХІХ ғ қазақ әдебиетінің тарихы, ХХ ғасыр бас кезіндегі әдебиет, Қазіргі қазақ әдебиеті	Білуі тиіс: Әдеби-эстетикалық түсінігін қалыптастыра отырып, меңгерген білімін әдебиеттанулық ізденістері кезінде және ұлттық әдебиеттің құрылысын зерттеу тұсындағы үлестерін бағамдайды. Біліктілігі: Әдебиеттану ғылымындағы іргелі зерттеулер арқылы қазақ және әлем халықтары әдебиеттері тарихының теориялық мәселелерін айқындаудың бағдарлары түсіндіріледі. Дағдысы: Әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы қисындарының тұтаса қолданылу ерекшеліктерін жүйелеп тану міндеті көзделеді. Осы күрделі ғылыми мақсат мен міндетті орындауда магистранттарға әлемдік және ұлттық әдеби үдеріс (процесс) туралы байыптаулардың тарихи – мәдени заңдылықтарына байланысты талдауларды сараптауға дағдыланады. Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді. Дағдысы бар: мамандық дағдыларын жетілдіреді. Құзыреттілігі: ұлттық әдебиет құрылысын зерттеу, түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс.	БП	ТҚ	5	1
	ҰАКТ5206 Ұлттық әдебиеттанудың қалыптасу тарихы	Пәнінің мақсаты-ұлттық әдебиеттану ғылымының даму тарихын зерттеу және талдау. Бұл студенттерге ұлттық мәдениет контекстінде әдебиетті зерттеу әдістері мен тәсілдерінің	Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті, ХІХ ғ қазақ әдебиетінің тарихы, ХХ ғасыр бас	Білуі тиіс: Ұлттық әдебиеттің құрылысын зерттеу тұсындағы үлестерін бағамдайды. Біліктілігі: Қазақ әдебиеті				

		қалай қалыптасып, дамығанын түсінуге көмектеседі. Осы пәнді оқу нәтижесінде студенттер елдің әдеби дәстүрлерін, сондай-ақ мәтіндерді талдау және түсіндіру тәсілдерін жақсы түсіне алады. Студенттер қазақ әдебиеттануының қалыптасу проблемаларын қарастырады, қоғамдық сананың оянуына, бастапқы ғылыми және теориялық ойдың пайда болуына, көркем әдебиет ұғымдарының қалыптасуына, әдеби мұраны жинауға байланысты бірнеше негізгі кезеңдер бойынша қазақ әдебиеттануының даму жолдарын зерделейді.	кезіндегі әдебиет, Қазіргі қазақ әдебиеті	тарихының теориялық мәселелерін айқындайды. Дағдысы: Әдебиет тарихы ерекшеліктерін жүйелеп тану міндеті көзделеді. Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді. Құзыреттілігі: ұлттық әдебиет құрылысын зерттеу, түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс.				
6	ТТДТН 5206 Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	Түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тілінің тарихына қатысты бар кезеңдер сараланып, әр кезеңге тарихи, сипаттамалы әдістер арқылы хронологиялық ұстаным негізінде талдау жасалады. Қазақ тілінің даму тарихы түркі тілдерімен бірлестікте алып қарастырылады.	Жалпы тіл білімі	Білуі тиіс: тіл тарихына қатысты жазылған көптеген зерттеулердің теориялық-методологиялық ерекшеліктері, әдіс-тәсілдері, олардың тіл ғылымын дамытудағы ықпалы туралы кең лингвистикалық деректер беріледі. Біліктілігі: мамандық дағдыларын жетілдіреді Дағдысы: Тіл тарихының даму, қалыптасу кезеңдерін, тіл біліміндегі мектептер мен ағымдар, парадигмалық бағыттар жүйесін  менгеру. Құзыреттілігі: Тіл білімінің ішкі, сыртқы, интралингвистикалық,	БП	ТК	5	1

				экстралингвистикалық салалары бойынша теориялық білімдерді меңгереді. Тіл білімнің фонетика, лексикология, морфология, синтаксис салалары бойынша теориялық білімдерді меңгеру. Сауатты жаза білу, сауатты сөйлей білу, шығармашылық қабілетті дамыту.				
	5206 KL Компьютерлік лингвистика	Пәннің мақсаты – болашақ маманның компьютерлік лингвистика саласында зерттеу-жобалау жұмыстарын орындау үшін өз бетінше әдістемелік инструментарий құру, жобалық жұмыстарды негіздеу, ақпаратты талдау, синтездеу қабілеттерін қалыптастыруды көздейді.	Жалпы тіл білімі	Білуі тиіс: тіл тарихына қатысты лингвистикалық деректер беріледі. Біліктілігі: мамандық дағдыларын жетілдіреді Дағдысы: Тіл тарихының даму, қалыптасу кезеңдерін, тіл білімін меңгеру. Құзыреттілігі: Тіл білімінің ішкі, сыртқы, интралингвистикалық, экстралингвистикалық салаларын, жобалық жұмыстар құруды, ақпараттық талдауды, компьютерлік лингвистиканы меңгереді.				
7	КНРТТ5207 Қазақ халық прозасы: тарихы мен теориясы	Пәнді оқытудың мақсаты: Қазақ халық прозасы терминінің пайда болуы туралы теориялық еңбектер мен тарихи негіздемелер сүйеніп, көне мәдениеттану, халықтану ғылымдарының ішіндегі қазақ халық прозасының орнын түсіндіру. Проза мәтіндерінің баяндалу күрделілігі мен көп деңгейлілігі. Халықтың мұрасын келешек ұрпаққа қалдыру. Пәннің негізгі тараулары: Қазақ халық прозасы терминінің пайда болуы туралы теориялық еңбектер мен	Қазақ халық ауыз әдебиеті	Білуі тиіс: Ауыз әдебиет үлгілерін меңгеріп, оларды ғылыми-теориялық тұрғыда саралай білуі тиіс. Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді. Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді Құзыреттілігі: қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған дәстүрлі мәдениеті үлгілерімен, халық өнерінің түрлерімен,	БП	ТК	5	2

		тарихи негіздемелерге шолу. Осы бағыттағы қазақ ғалымдарының еңбектерімен таныстыру		әлем фольклор ғалымдарының еңбектерімен, ғылыми көзқарастарымен таныса отырып, қазақ ғалымдарының еңбектерімен сабақтастыра талдап, ауыз әдебиеті шығармаларымен толық танысу, туыстас түркі халықтарының әдеби мұраларымен танысып, салыстыра оқу, шығармаларды тақырыптық-көркемдік сипаттарын толық талдау түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс.				
	FzhT5307 Фольклордың жалпы теориясы	Пәннің мақсаты: халық әдебиетінің ерекшелік ұғымы. Мазмұны-бұл халықтық әдебиеттің өзіндік сипатын көрсететін және жастарға білім беретін құнды байлық ретіндегі терең және көркем ілім. Үйлену рәсімі және сенімге байланысты қайтыс болғандар. Лирикалық өлеңдер. Мақал-мәтелдер. Жұмбақ, жаңылыстыратын, өтірік өлең. Шешендік. Аңыздар-бұл әңгімелер және олардың мифпен байланысы. Ертегі және оның түрлері. Эпикалық Забур және оларды зерттеу. Тарихи Забур. Лиро-эпос. Айтыс және қазіргі халық поэзиясы.	Қазақ халық ауыз әдебиеті	Білуі тиіс: қазақ фольклорының өзіндік ерекшеліктері, жанрларын Біліктілігі: фольклортану ғылымының зерттелу тарихы, ғалымдар классификациясы туралы хабардар болады Дағдысы: Қазақ халық ауыз әдебиеті мұраларының мәтінімен танысып, олардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады.  Құзыреттілігі: Қазақ фольклорының көркемдік ерекшелігі және жазба әдебиеттің қалыптасуына әсер-ықпалын бағамдай білуге үйренеді.				
8	ТВОМ5301 Тіл білімінің өзекті мәселелері	Пәннің мақсаты тіл білімінің тарихы, құрылымдық жүйелік сипаттамалары, қызметтің сипаттары мен теориялық мәселелері жалпы тіл білімі тұрғысынан қарастырылады. Тіл білімінің даму бағыттары мен	Тіл біліміне кіріспе	Білуі тиіс: Жалпы тіл біліміндегі актуальды мәселелерге арналған жаңа бағыттардың ерекшелігін, түрлерін білуі тиіс.	КП	ЖК	5	2

		кезеңдерінен хабардар болып, бүгінгі қоғамдағы тілге қатысты көкейтесті мәселерді талдау, тілдің ішкі және сыртқы заңдылықтарын меңгеру, тілдің қоғаммен, ойлаумен, сөйлеумен байланысты құбылыс екендігін білу, қазақ тілінің даму тарихын кезеңдерге бөліп қарастырудың негізгі принциптері мен теориялық негіздерін игеру.		Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді. Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді Құзыреттілігі: қазақ тіл біліміндегі теориялық тұжырымдамалармен, концепциялармен, түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс.				
9	АОМ5302 Әдебиеттанудың өзекті мәселелері	Пәннің мақсаты – әдебиеттану ғылымының жекелеген салаларына тереңдей еніп, қайшылығы мол әртүрлі тұжырымдарды салыстыра қарастырып, әдебиеттанудың жаңашыл мәселелеріне бүгінгі ғылыми көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан нақтылай баға беріп, түбегейлі талдап, зерделеуге баулу.	Әдебиет теориясы, Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	Білуі тиіс – әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы пәнінен алған білімдерін одан әрі тереңдетуі; Бүгінгі әдеби процесі, әдебиеттанудағы жаңа ғылыми пайымдауларды меңгеруі; Әрбір тақырып бойынша бастапқы құжаттармен танысып, толтыруды; Өзекті, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының болуы; Ғылым мен практиканың қазіргі кезеңдегі теориялық, методикалық, технологиялық жетістіктеріне сүйене отырып жасай алуы.  Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді. Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді. Құзыреттілігі: қазіргі заманғы өзекті мәселелерді ажырата білуі.	КП	ЖК	5	2
10	ТВzhB5303 Тіл білімінің жаңа бағыттары	Тіл біліміндегі жаңа бағыттар бойынша психолінгвистика, этнолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, компьютерлік лингвистика салаларына қатысты әр түрлі	Тіл біліміне кіріспе, Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	білуі тиіс: - жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттарға арналған ғылыми әдебиеттермен, ондағы теориялық тұжырымдармен,	КП	ЖК	5	2

		<p>көзқарастар, олардағы тарихи өзгерістерге талдау жасалады. Тіл теориясы, тіл білімінің даму бағыты, қазіргі тілтанымдағы көкейтесті мәселерді айқындап, айырым мен белгілерін даралап, әрқайсысына тән ерекшеліктерді ұғындыру</p>		<p>концепциялармен танысып, оларды меңгеруі тиіс;  - теориялық білімдерін практикалық қолданбалы мақсаттағы жұмыстармен ұштастыра білуі тиіс;  - тіл біліміндегі жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді меңгеруі тиіс.  Магистрант жасай алуы тиіс:  - әлемдік, отандық тіл ғылымдары дамуындағы жаңа тұжырымдар мен концепцияларды сыни тұрғыдан қарастырып, өзінің ғылыми көзқарастарын ғылыми форумдар мен семинарларда, конференцияларда еркін жеткізе білуі;  - тіл ғылымындағы әртүрлі бағыттар негізінде алған білімдерін өзара ұштастыра отырып аналитикалық талдау жасай алу, осы негізде өз білімдерін кеңейтіп, тереңдете алу;  - ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін ғылыми мақалалар мен диссертациялық жұмыстарды жазуда еркін пайдалана білу дағдылануы тиіс:  - алған білімдерін көпшілікке жеткізе білуге, әріптестері мен ғылыми мамандардың алдында өз көзқарастарын дәлелдей алуға;  - алған білімдерін</p>				
--	--	---	--	---	--	--	--	--

				<p>одан әрі жетілдіруге, тереңдетуге;</p> <p>- алған білімдері негізінде жаңадан туындаған күрделі мәселелерді шеше алуға</p> <p>Күзиреттілігі: тіл білімінің жаңа бағыттарын терең түсініп, алған білімдерін өздерінің зерттеу жұмыстарында және пәнді оқыту жұмыстарында пайдалана білу;</p>				
11	AzhB5304 Әдебиеттанудың жаңа бағыттары	<p>Пәнінің мақсаты магистранттардың теориялық білімін, әдеби-эстетикалық түсінігін нығайта отырып, меңгерген білімін әдебиеттану саласындағы ізденістерін зерттеуде қолдануға үйрету. Пән кәсіби әдебиетіміздегі жаңа бағыттарды көркемдік ізденістер негізінде қарастырады.</p>	<p>Әдебиеттануға кіріспе, Әдебиет теориясы</p>	<p>«Әдебиеттанудың жаңа бағыттары» пәнін оқыту нәтижесінде магистрант - білуі тиіс: қазіргі әдебиеттанудың бағыттарын, даму тенденцияларын, көркем шығарманы талдау әдістері мен тәсілдерін; филология ғылымының ұғымдары мен категорияларын, әдебиеттанудың пәнаралық байланыстарын; қазіргі әдебиеттанудың негізгі теориялары мен концепцияларын; негізгі библиографиялық дереккөздерін және іздестіру жүйелерін;</p> <p>- игеруі тиіс: көркем шығармаларды талдауда әдебиеттанушылық бағыттардың принциптерін қолдану; әдебиеттанушылық мәселелерін жанжақтан талдау; әдебиет теориясы мен тарихы бойынша өз қорытындыларын жазба және ауызша түрде жеткізу.</p>	КП	ТК	5	2

				<p>- дағды тиіс: әртүрлі әдістер мен тәсілдер арқылы жазушылардың шығармаларын талдау; дәстүрлі және инновациялық технологияларын қолдану негізінде әдеби және тілдік деректерді жинау және талдау; зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми шолу, аннотация, реферат және библиографияны дайындау; библиографиялық сипаттаманы; баяндама мен хабарламаны жасау; өз зерттеулерін ауызша, жазбаша (ақпараттық желілерде орналастыру) түрде ұсыну.</p>			
АЕК5304 Әдебиеттанудың эстетикалық қырлары	<p>Пәннің мақсаты – әдебиеттің қоғамдық сана мен өнер түрі ретінде ерекшелігін ашып, көркем шығармашылықтың мазмұны мен пішінінің өзгеше сипатына мән беріп, әдебиеттанудың ғылым ретіндегі тарихи даму заңдылығын байыптау.</p>	<p>Әдебиеттануға кіріспе, Әдебиет теориясы</p>	<p>Білуі тиіс: әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен танысып, көркемдікті танытын талғам қалыптасу арқылы әдеби туындының ішкі, сыртқы аспектілерін саралап, түрлі қырынан талдауды үйренеді.</p> <p>Біліктілігі: жалпы әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихы мен дамуы негізгі қағидаларымен тамырлас алып, жан-жақты терең қамтуға тиіс. Әдебиет туралы теориялық ой-пікірлердің қалыптасу кезеңдерін қазіргі дәуірге дейінгі аралықта мейлінше толымды жүйелеп, саралау қажет. Дәрістерде әлемдік эстетика тұғырнамалары, әдеби тәжірибелер ұлттық әдебиеттану, әдебиеттану ғылымы саласындағы</p>				

				<p>ғалымдар еңбектерімен өзара ұштастырыла негізделмек.</p> <p>Дағдысы бар: Әдеби шығармашылық және әдебиет теориясының методологиясында мектеп туралы білімі толығып, жүйелі зерттеу ізденіс жұмыстарын жүргізуге қалыптасады. Қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен таныс бола отырып, зерттеу жұмысына икем-дағдысы қалыптасады.</p> <p>Құзыреттілігі: Әдебиеттану ғылымының даму тарихын, қалыптасу кезеңдерін ғылыми принциптерін игеріп, әдебиет пен фольклорды зерттеуге қажетті білім алады.</p>				
<b>2 курс</b>								
1	SL6301 Социоллингвистика	<p>Пәннің мақсаты: тілдердің қолданылуы мен дамуының жалпы, әлеуметтік негізделген заңдылықтарын айқындау; тілдік коммуникация процесінде тілдің қолданылуына әлеуметтік факторлардың әсерін сипаттау. Социоллингвистиканың ғылыми пән ретіндегі мәртебесі, Социоллингвистиканың объектісі, пәні, мақсаттары мен міндеттері, қазіргі социоллингвистиканың қайнар көздері, қазіргі социоллингвистиканың негізгі бағыттары, социоллингвистиканың негізгі категориялары (тілдік қоғамдастық, тілдік код, кодтарды ауыстыру), тілдік жағдай социоллингвистиканың категориясы ретінде, нәсілдердің, этностардың, тілдердің қалыптасуы, этносаралық қатынастардағы тіл, тілдегі мәдени компонент және аударма мәселелері, тіл саясаты және тіл құрылысы,</p>	Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы	<p>Тілдің қоғамдық табиғаты, әлеуметтік қызметі, тіл болмысының қатынастық түрлері (әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, жергілікті диалектілер т.б), тілдің әлеуметтік сипаттағы түрлері (жаргон, арго, кәсіби тіл), билингвизм, диглоссия, пиджинделу, креолдану, мультлингвизм процестерін игерту</p>	КП	ЖК	5	3

		социолингвистикалық зерттеу әдістері.						
2	ASGEI6302 Әдеби сындағы ғылыми эстетикалық зерттеулер	Пәннің мақсаты – әдебиет сынын өз алдына қалыптасқан сала ретінде қарастыра отырып, жекелеген сын өкілдерінің зерттеу мыни мақалаларымен кеңінен танысытырп, сонымен бірге әрбір кезеңдегі сынды эстетикалық талаптарын зерттеу еңбектер негізінде қарастыру	Қазақ әдебиеті сынының тарихы	-Қазақ әдебиеті сынын зерттеушілер мен олардың ғылыми еңбектерін; -сын жанрының қалыптасу тарихы мен арналарын игеру; көркем мәтін туралы сын-пікір айтуға бейімделеді; -сыни тұрғыдан ойлап үйрену;	КП	ЖК	5	3
3	TzhADT6303 Тәуелсіздік жылдар әдебиетінің даму тенденциялары	Пәннің мақсаты - Қазіргі жаңа заман әдебиетінің даму-бағыттарын айқындап, көркемдік жанашылдық ізденістеріне зер салу және жаңа заман қазақ әдебиетінің даму бағыт-бағдарын қарастырып, тақырыптық, мазмұн мен пішіндік ізденістер, көркемдік қырларына, тілдік, стильдік табиғатына сай кешенді түрде қарастыру.	Қазіргі қазақ әдебиеті	Білуі тиіс: Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттануының ерекшелігі. Біліктілігі: Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттануы туралы мағлұмат . Дағдысы: Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттануының идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады Құзіреттілігі: Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттануының ерекшеліктері, жанрлары туралы терең білім алады.	КП	ТК	8	3
	GKAD6303 XXI ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуы	Пәннің мақсаты - XXI ғасырдағы қазақ әдебиетінің жаңа бетбұрысын, әдеби ағымдар мен бағыттардың сипатын және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өзіне дейінгі дәстүрлі көркемдікті қалыптастырған қазіргі қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін бағамдау	Қазіргі қазақ әдебиеті	Білуі тиіс: Жаңа буын әдебиетінің өкілдерін, шығармашылығын ерекшелігін бәлу. Біліктілігі: XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы жалпы мағлұмат . Дағдысы: XXI ғасыр әдебиетіндегі тақырыптық-идеялық байланыс, жазу стилі, көркемдік деңгейі Құзіреттілігі: XXI ғ қазақ әдебиетінің ерекшеліктері,				

				жанрлары туралы терең білім алады.				
4	LM 6304 Лингвомәдениеттану	Ұлттық мәдениеттің қалыптасуының тілдік негізін фразеологиялық тіркестер арқылы мәнін ашу, тіл мен ұлттық мәдениеттің сабақтастығын, көрсету, фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болған ұлттық мәдени деректерді этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық талдаулар арқылы пайдалану. Пәннің негізгі тараулары: Фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болған ұлттық мәдени деректерді тереңдетіп меңгеріп оқыту.	Сөйлеу мәдениеті	Білуі тиіс: Ұлттық болмыстың тілдегі көріністерін, тіл фактілері мен халықтық танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау, меңгерту. Біліктілігі: -тіл арқылы мәдениеттанудың ғылыми бағыттарын білуі керек; Дағдысы: Негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай білу, ғылыми идеяларға сын көзбен қарап дәлелдей алу және концепциялар мен теорияларды талдай білуге дағдыландыру. Құзыреттілігі: Лингвомәдениеттану тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсіну	КП	ТК	8	3
	LE6304 Лингвоэкология	Лингвоэкология пәнін оқыту барысында тілді сақтау және оны өзге (сырт) тілдердің басқыншылығынан қорғау мәселелері туралы білім беріледі. Тілдің белгілі бір тілдік қоғамда дамуына, яғни қолданылу өрісіне шектеу қоятын кері ықпалдар анықталады. Тіл тазалығының бұзылуының нәтижесінен туындаған тілдік дағдарыстың қоғамдық-саяси, тарихи-әлеуметтік негіздері айқындалып, ұлттық тілдің өміршеңдік қасиетін жоюға бағытталған, нақты айтқанда тіл тазалығына нұқсан келтірген басқыншы тіл ұстанымдары аталып көрсетіледі. Тіл тәуелсіздігін	Сөйлеу мәдениеті	Білуі тиіс: Ұлттық болмыстың тілдегі көріністерін анықтау. Біліктілігі: -тіл арқылы мәдениеттанудың ғылыми бағыттарын білу; Дағдысы: Негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтау. Құзыреттілігі: Лингвокультурология тарихының қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсіну				

	сақтаудың ғылыми-әдіснамалық лингвистикалық әдіс-тәсілдері игертіліп, сөз этимологиясы, лингвомәдениеттанымдық зерттеу ұстанымдары меңгертіледі						
--	---	--	--	--	--	--	--

Келісілді:

Мекеме атауы / жетекшінің қолы



Білім бағдарламасының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету офисі жетекшісі м.а. А.Сарсенгазиева Сарсенгазиева А.С.

Кафедра меңгерушісі . Ж.М.Абрахманова Ж.М.Абрахманова